

зерделеудің тұтас жүйесін құру, ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени, жазбаша, сәулет ескерткіштерін қайта құру бойынша "Мәдени мұра", "Халық тарихына толқын" мемлекеттік бағдарламаларына бастамашылық жасалды. Мұндай бастамалардың маңыздылығы өз тарихи дәстүрлеріне, ұлттық бірегейліктің өзегі ретінде ұлттық сана-сезімге, ХХІ ғасырдағы Қазақстанның дүниетанымдық моделін құру мүмкіндігіне негізделген. Ұлттық сананы жаңғырту халық тарихына, оның мәдениеті мен ана тіліне деген қызығушылықтың артуына ықпал етеді. Бұл бәрімізге, келер ұрпаққа өте қажет.

Әрбір қазақстандық үшін Алаш қозғалысының пайда болуы Қазақстан ұлтының өзін бірегей және қайталанбас идеясымен сәйкестендірудің тарихи кезеңі болып табылады. Осы ерекше батыл және талантты адамдардың батырлығы мен жанқиярлығының арқасында біз еліміздің - Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының есебін жүргізе алатынымыз сөзсіз. "Алаш" партиясы ХХ ғасыр тарихында ғана емес, жалпы қазақ тарихында өте үлкен және өзгермейтін рөл атқарды. Алаштықтар бүгінгі таңда бізге ең қажет: Отанға және өз халқына деген сүйіспеншілік, жанқиярлық, адалдық, абырой және қанның соңғы тамшысына дейін халыққа қызмет ету сынды мәңгілік құндылықтарға адал болды. Айтса айтқандай, қазіргі Тәуелсіз Қазақстанды қайта жаңғырту барысында біз Алаш зиялыларының еңбектерін қажетсіздік және керегімізге жаратып та жатырмыз. Ұлтымыздың рухани-мәдени және саяси тарихында Алаш зиялыларының орны ерекше. Оны ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында ерекше атап өтті: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында Тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды... Олардай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұраларын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек». [6, 11 б] Ендеше, біздің ойымызша, Алаш арыстарының асыл мұраларын игеру, өміршен идеяларын жас ұрпаққа жеткізу жалғаса беруге тиіс. Жоғарыда аталған осынша еңбектің арқасында біз Тәуелсіз Қазақстанға жеттік.

Қазіргі Қазақстан- тәуелсіз, егемен, демократиялық экономикасы тұрақты және жарқын болашағы бар елеулі мемлекет. Бүгін Қазақстан өзі туралы, өз мақсаттары туралы әлемге батыл мәлімдей алады. Қазақстан дамыған технологиялармен қамтылған, байтақ даласының байлығын шектеусіз пайдасына асыра алатын, жоғары классификациялы зауыттары мен фабрикалары бар, сапалы білім беретін оқу орындары мен еш қиындықсыз халыққа қызмет көрсететін мекемелері бар, жоғары сатыдағы медицинаға ие, тұрақты экономикасы мен сенімді жинақ қоры бар, сыбайлас жемқорлық, зорлық-зомбылық әлдеқайда аз, ата заның бұзудан алшақ, елінің жарқын болашағы үшін қызмет ететін азаматтары бар мелекет. Қазақстанның азаматтары тілі мен ділің, мәдениеті мен салтың, ата-бабасынан қалған аманатқа қиянат жасамас, елі мен жерінің көркейіп дамуы үшін жол ашар, оқыған, дамыған тұлғалар. Қазақстан- бұл мәуелі бәйтерек. Ал біз сол мәуелі бәйтеректің тереңге бойлар тамырлары, жоғары ұмтылар бұтақтары, жайқалып өсер жапырақтарымыз. Әр азаматтың елі үшін ерең еңбегі осы бәйтерекке құйылған тынайтқыш ретінде әсер етеді. Алаш арманы- Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіз Қазақстан- Тәуелсіз болашақ!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ф. Әнес, С. Смағұлова. - Алматы: Арыс, 2009.
2. "Алаш" қозғалысы: тарих және қазіргі заман: библиографиялық көрсеткіш / ҚРҰ кітапханасы., құраст. М. Әбілова, А. Нурсейтова.- Алматы, 2005.
3. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы (сәуір 1920-1928 жж.). 3-том, 1-кітап / [құраст.: Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева және т. б.].- Алматы: Ел-шежіре, 2007.
4. Алаш партиясы Уикипедия.
5. Нұрсұлтан Әбішұлы «Тарих ағымында» кітабы.
6. Қасым-Жомарт Кемелұлы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы.

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҰМТЫЛУ

Баймағұлова. А

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Алдабаева Г.Т.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ.

**Аннотация:** Бұл тақырып Қазақстан тарихының маңызды кезеңдерін, атап айтқанда Алаш қозғалысы мен қазіргі тәуелсіз Қазақстан арасындағы сабақтастықты зерттейді. Алаш идеясы ХХ ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен тәуелсіздікке ұмтылысын бейнелейді. Алаш қайраткерлері ұлттық мемлекеттілікті құру, қазақ халқының мәдениеті мен білімін дамыту, әлеуметтік және экономикалық реформалар жүргізу идеясын насихаттады.

Кеңес өкіметі кезеңінде Алаш қозғалысы басылып, оның өкілдері қуғынға ұшырағанымен, олардың идеялары қазақ халқының тарихи жадында сақталып, тәуелсіздік жылдарында қайта жаңғырды. Тәуелсіз Қазақстанда Алаш идеялары ұлттық бірегейлікті, егемендікті және халықтың әл-ауқатын жақсартуды көздейтін

саясатта көрініс табуда. Осылайша, Алаш қозғалысы мен тәуелсіз Қазақстанның арасындағы рухани байланыс пен идеялық сабақтастық қазіргі Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

**Кілт сөздер:** Алаш қозғалысы, тәуелсіздік, ұлттық бірегейлік, егемендік, алаш қайраткерлері, қазақстанның тәуелсіздік жолы.

Алаш идеясы: Тәуелсіздікті бастау

Алаш қозғалысының идеясы – ұлттың бірлігі, жердің бүтіндігі, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін сақтау және дамыту болды. Бұл бағыттағы қызметі Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуымен айқын көрініс тапты. Олар қазақ халқының еркіндігін, жерге деген құқықтарын қорғауды, білім мен ғылымды дамыту арқылы елді өркендетуді көздеді.

I Бүкілқазақ съезі (1917 жыл шілде) «Алаш» партиясының құрылуы. Ақпан төңкерісінен кейін 1905 жылдан бастап өмір сүрген Алаш қозғалысы қайта жанданды. Осындай қиын қыстау сәтте қазақ ұлттық демократиялық қозғалысының көсемдері жағдайдың және саяси күштердің тез өзгеруін есепке ала отырып, жалпықазақ съезін өткізуді жылдамдату туралы шешім қабылдады. Кадеттер басқарып отырған Уақытша үкімет Қазақстанда самодержавиенің саясатын жалғастырды. Үкімет ұлттық мәселені шеше алмады және аграрлық мәселені шешуге асықпады. Өз жолын өзін анықтау немесе басқа да езілген ұлттардың тағдыры сияқты мәселелерге келгенде, Уақытша үкімет оны шешуді ойластырғанда жоқ. Қазақстан мен Түркістанның автономия алуына Ресейдегі «екінші үкімет» - Петроград кеңесі де қарсы шықты.

Осындай себептерден ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының көсемі Ә. Бөкейхан «қазақ» газетінде өзінің кадеттер партиясынан шығатын және қазақтың жалпыұлттық партиясын құрғысы келетінін мәлімдеді. Осы мәселеде ол үш жайтты атап көрсетті: «кадеттер партиясы жерді жекеменшікке беру керек деп отыр. Біздің жағдайымызда жерді жекеменшікке берсек, біраздан кейін қазақтар жерсіз қалып, қайыршылыққа ұшырайды. Кадеттер партиясы ұлттық автономияға қарсы шығып отыр. Біз, Алаш туын жоғары көтеріп, ұлттық автономия құруға ұмтыламыз... Кадеттер партиясы дінді мемлекеттен бөлуге қарсы, ал біз діннің мемлекеттен бөлінуін қолдаймыз. Сол себепті кадеттер партиясына шығып, Алаш партиясын ұйымдастыру қажет деген шешімге келдік».

1917 жылы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының жеңісінен кейін елдегі либерал-демократиялық көзқарастағы ұлт зиялыларының өкілдері ұлттық партия құру мәселесі бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. Олар қазақ тапқа бөлмей бүкіл ұлттың мүддесін көздеді. [1, б.49].

Бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана және Бөкей Ордасының өкілдері қатынасты. Оның күн тәртібінде 14 мәселе қойылды, солардың ішіндегі маңыздылары: Қазақ автономиясы, жер, оқу, сот, земство, әйел теңдігі және басқа да мәселелер болды. Сонымен қатар съезд өзінің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі-қазақ саяси партиясын құру және оның жобасын, қабылдау деп жариялады. Сөйтіп, бірінші бүкілқазақтық съезде Алаш партиясы құрылып, басшы органдары сайланды. Оған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Е. Омаров, М. Шоқай, М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Х. Ғаббасов, М. Жұмабаев, т.б кірді. 1917 жылы саяси ұйым ретінде өмірге келген Алаш партиясы мен Алашорды 20-жылдарға дейін жалғастырды. [2, б.79].

Алаш партиясының бағдарламасы. 1917 жылдың жазында (21-26 шілде аралығында), Орынборда өткен Бірінші жалпықазақ съезі ұлттық саяси «Алаш» партиясының құрылғанын жариялады. Партияның көшбасшылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы және т.б. халық өкілдері еді. Жаңа партия бағдарламаның мәтінін Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Жүндібасев, Е.Ғұмаров және т.б. дайындады. Бағдарлама 10 бөлімнен тұрды. 1917 жылы 21 қарашада жалпыұлттық «Қазақ» газетінде жарияланды. Партияның негізгі мақсаты Ресей демократиялық федеративтік республикасы құрамындағы қазақ автономиясын құру деп жарияланды [3, б.35].

Бағдарлама мазмұны: Бағдарламаның бірінші бөлімі «Мемлекет қалпы» деп аталады. Партия бағдарламасында Ресей демократиялық, федеративтік республика болуы тиіс деп атап көрсетілді және демократия мен федерация ұғымдарына түсінік берілді.

«Демократия – мемлекетті халықтың билеуі, яғни халық билігі. Ал федерация мағынасы – құрама мемлекеттерге бірігу... әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. Мұндағы негізгі айтылмақ идея – өзін-өзі басқаратын теңқұқылы мемлекеттер одағы болады».

Партия бағдарламасының бірінші бөлімінде демократияның жарқын көрінісі сайлау туралы да айтылған. Жоба авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды.

«Депутаттар тең, тек, төте һәм құпия сайлаумен болады. Яғни, азаматтардың саяси құқығы шыққан тегі, діні, сенімі, қызметі, мүлік және жыныс айырмашылығына қарамай, барлығының сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі».

Бағдарлама жобасының «Жергілікті бостандық» деп аталатын екінші бөлімінде қазақтар мекендейтін облыстарға қатысты барша ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе көтерілді. Автономияның негізгі идеясы – қазақтардың өзін-өзі басқаруы.

Үшінші бөлім «Негізгі құқық» нағыз таза демократиялық және адамгершілік принциптерге негізделіп жасалған. «Ресей Республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей барлық адам теңқұқылы болады. Жиылыс жасауға, қауым жасауға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіндік беріледі».

Азаматтарының табиғи және саяси құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін мұндай ең демократияшыл, ізгілікті идеялар сол кезде Ресейдің бірде-бір заңында жарияланған емес.

«Дін ісі» деп аталатын төртінші бөлімде дінді мемлекеттен бөлу қажеттілігі айтылған. Сонымен қатар, дін басқару органы – муфтият құру ұсынылды, барлық діндер тең екендігі атап көрсетілді.

«Билік һәм сот» бөлімінде сот билігі, оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың әр халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне қарай жүргізілуіне басты назар аударған бағдарлама авторлары халыққа таныс емес құқықтық нормаларды енгізуге қарсылық білдіреді. Олардың айтуынша, құқықтық нормалар мен билік халықтың тұрмыс-тіршілігі мен даму деңгейіне сәйкес болу керек, яғни соттар істі әрбір халықтың тұрмыс жағдайларына қарай қарауға тиіс.

«Ел қорғау» бөлімінде қазақ әскері құрылып, міндетті түрде әскери қызмет атқару қажеттілігі көрсетілген.

«Салықтар» бөлімінде салықтың халықтың әл-ауқатына байланысты әділ түрде жиналуы керектігі жазылған.

«Жұмысшылар» деп аталатын сегізінші бөлімде «Алаш» партиясының жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының бағдарламасын жақтайтындығы айтылды.

«Ғылым-білім үйрету» деп аталатын тоғызыншы бөлімде білім беру мәселесі қарастырылды. Білім беру тегін, колжетімді болып, оқыту ана тілінде жүргізілуі керек делінді. Сонымен қатар бұл бөлімде орта оқу орындары мен университеттер ашу керектігі және олардың қызметіне биліктің араласпауы қажеттігі айтылды.

«Жер мәселесі» бөлімінде бұрынғы жылдары қазақтардан жердің жаппай тартып алынғаны ескеріліп, жерді ең алдымен тұрғылықты халыққа қайтарып беруді әділ шешу міндеті қойылды. Жерді сатуға үзілді-кесілді тыйым салынған. Жердің бүкіл байлығы, кені, қазынасы, өзендер мен көлдері және ағаштары мемлекет меншігінде болуы тиіс екендігі айрықша атап көрсетілген. [1, б.52]

«Алаш» партиясы мүшелерінің қуғын-сүргінге ұшырауы. Тарихи деректерге сүйенсек, 1927-1953 жылдар аралығында қазақ жерінде 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, оның 25 мыңы ату жазасына кесілді. Олардың ішінде Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатұлы, Бейімбет Майлин сынды Алаш арыстары бар.[4, 2 б].

Қуғын-сүргіннің себептеріне тоқталатын болсақ: Бірінші мәселе-саяси келіспеушілік: Алаш қозғалысы большевиктердің саясатына қарсы болды. Олар ұлттық автономияны, жер мәселесін қазақ халқының мүддесіне сай шешуді және демократиялық басқаруды жақтады.

Екінші мәселе-кеңес үкіметінің күшеюі: Алашорда басшылығы 1917-1920 жылдардағы азаматтық соғыс кезінде большевиктермен одақтасуға мәжбүр болды. Алайда, соғыстан кейін большевиктер Алаш қайраткерлерін саяси қарсылас ретінде көріп, олардың қызметін тоқтатуға кірісті.

Үшіншісі-ұлттық қозғалысқа қарсы саясат: Кеңес үкіметі біртұтас социалистік мемлекет құру мақсатында ұлттық қозғалыстарды жойып, ұлт зиялыларын жаппай қуғындауды қолға алды.

1920 жылдардан бастап Алаш партиясының мүшелері қызметтерінен шеттетіліп, олардың шығармашылық және ғылыми жұмыстарын тоқтату туралы бұйрықтар берілді.

1930 жылдары сталиндік репрессия күшейіп, Алаш қайраткерлеріне “ұлтшыл”, “контрреволюционер”, “кеңес үкіметіне қарсы бүлік ұйымдастырушы” деген жалған айыптар тағылды.

Көптеген алаштықтар жалған істер бойынша сотталып, түрмеге қамалды, жер аударылды немесе ату жазасына кесілді.

Қорытындылай келсек, алаш партиясы мүшелерінің репрессиялануы қазақ ұлтының зиялы қауымын елеулі түрде әлсіретті. Ұлттың тәуелсіздік жолындағы маңызды қадамына тоқтау салынды. Алайда, Алаш қайраткерлерінің идеялары мен еңбектері қазақ халқының ұлттық санасының оянуына үлкен әсер етті. Олардың мұрасы қазіргі Қазақстан тәуелсіздігінің рухани негіздерінің бірі болып қала береді.

Тәуелсіздікке жету жолында қазақ халқы көптеген нәубеттерді басынан кешірді. Оның ішінде: «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа хатталды. Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында 100 мыңға жуық жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлдеқайда көп болды.

Ресейдің отары болған қазақтардың жағдайы. Ресей империясының қазақ жеріне шаруаларды жаппай қоныстандыруы қазақ халқының ежелден қалыптасқан салт - дәстүрін, шаруашылық жүйесін үлкен өзгеріске ұшыратты. Патша үкіметінің орталық саясатының барлық кезеңдерінде қазақ жері талан - таражға түсті. Жергілікті тұрғындар жайлы мекендерін тастап, амалсыз ішкері қарай қоныс аударуға мәжбүр болды. Ал олардың шұрайлы жайылымдары мен құнарлы егістік алқаптары қоныс аударған орыстар мен казактарға бөлініп берілген.

Ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістерге қатысқан қазақтардың күйзелісі. Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейінгі отарлық жағдай қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресіне қозғау салды. XVIII-XX ғасырларда қазақ даласында Ресей отаршылдарына қарсы бірнеше ірі-ірі ұлт-азаттық қозғалыстар болды. Қазақ халқының тәуелсіздік пен дербес даму жолында Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының, Кеңесары Қасымұлы бастаған көтерілістер маңызды орын алды.

Адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ұлы ашаршылық зұлматы. Кеңестік билік тұсында Қазақстанда екі рет аштық қырғыны орын алды. Әрине, ең қасіретті нәубет өткен ғасырдың 30-шы жылдары болды. Тарихта «Ұлы жұт» деген атпен белгілі ашаршылық жылдары қазақ халқы жер бетінен жойылып

кетудің аз-ақ алдында қалды. Сонымен бірге 1919-1922 жылдары орын алған ашаршылықты да естен шығармау қажет.

Қолдан жасалған ашаршылықтан елімізде қазақтардың үштен бірі ғана аман қалды. 1992 жылы осы мәселені Қазақстанның жоғарғы кеңесі төралқасының комиссиясы арнайы тексерген. «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 миллион 200 мың адамнан, яғни барлық қазақ халқының 48 пайызынан айрылды», - деген тұжырымдама жасады. Кейбір зерттеушілер аштан қырылғандар 3 миллионнан да асып түседі дегенді айтады.

Саяси қуғын-сүргін. Қазақ халқы, әсіресе оның зиялы қауымы мен партия басшылығы қызметіндегі белсенді азаматтар 1926–1930 жылдардағы қудалауға ұшырады. 1937–1938 жылдары 135 мың қазақ интеллигенциясы саяси репрессия зобаланының құрбаны болып атылды. Саяси репрессияның толқынында қаза тапқан, ақын жазушылардың басым бөлігі Қазан төңкерісіне дейінгі жылдарда қызмет еткен зиялы қауым өкілдері еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрбан болған қазақтар. Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікір бар. «National digital history of Kazakhstan» интернет порталының хабарлауынша, соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны.

Желтоқсан оқиғасы. Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылығы – азаттыққа ұмтылған қазақ халқының тарихындағы елеулі оқиға. Әлі күнге дейін бұл оқиғаның құпиялары толығымен ашылған жоқ.[5, 6 б].

Осындай небір зобалаң заманды бастан кешкен қазақ халқы осы күнге де жетті. Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолындағы басты оқиғалар:

1990 жылы 25 қазан – Қазақ КСР-і өзінің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдады. Бұл Қазақстанның заңды түрде өз заңдары мен егемендігін бекіткен алғашқы қадамы болды. 1991 жылы 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент сайлауы өтті. Нұрсұлтан Назарбаев ел президенті болып сайланды. 10 желтоқсан – Қазақ КСР-і “Қазақстан Республикасы” деп аталды. 16 желтоқсан – Қазақстан Жоғарғы Кеңесі “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық заңды қабылдады. Бұл Қазақстанның толық тәуелсіздік алғанын білдіреді.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекет құру мен ұлттық бірлікті нығайту жолында бірқатар жетістіктерге қол жеткізді:

Мемлекеттік рәміздер: 1992 жылы Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді.

Жаңа Конституция: 1995 жылы Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды.

Экономикалық реформалар: Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшті.

Халықаралық қатынастар: Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ сияқты ұйымдарға қосылды.

Астананың ауысуы: 1997 жылы ел астанасы Алматыдан Ақмолаға (қазіргі Астана) көшірілді.

Қазақстан тәуелсіздігі – тарихи әділеттіліктің орнауы және халықтың ұзақ жылдар бойы жүргізген күресінің нәтижесі. Бүгінгі таңда Қазақстан халықаралық аренада өз орнын тапқан тәуелсіз, егемен мемлекет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы Өскембаев Қ. 9 класс, 2019
2. Қазақстан тарихы, 11 сынып. - Алматы «Мектеп», 2011
3. Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін)

Кабульдинов З., 2019

4. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2021152-31-mamyr-qugyn-surginge-usyragan-alas-qairatkerlerine-qatysty-tyn-dereker/>

5. <https://kaz.nur.kz/society/1348815-tauelsizdikke-zhetu-zholynda-qazaq-qan/>

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫН КӨТЕРУДЕГІ ҰЛТЖАНДЫ ӘЛІМХАН ЕРМЕКТИҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Жолтай Р.С.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. аға-оқытушы Орынбекова Р.Ж

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[rauка05@icloud.com](mailto:rauка05@icloud.com)

Қарағанды қ.

Мақсаты: деректерден Алаш Арысы Әлімхан Ермектің өмірі мен қайраткерлік қызметін зерттей отырып, өскелең ұрпаққа насихаттау.

Тарих сахнасындағы бейнесін анықтау.